

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 1131 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 10 қыркүйек N 1358. Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 46, 421-құжат. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.09.12. N 995 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Аэроғарыш комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылдың 11 тамыздағы N 1131 қаулысына мынадай өзгерістер енгізсін:

1) 1-тармақтың 2) тармақшасы алынып тасталсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Аэроғарыш комитеті туралы ережеде:

16-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Төрағаның оның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын екі орынбасары, оның ішінде төрағаның бір орынбасары - "Байқоңыр" космос айлағы басқармасының бастығы, болады.";

18-тармақтың 1) тармақшасындағы "өзінің орынбасары" деген сөздер "өзінің орынбасарлары" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*